Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің " Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 795 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің " Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы № 868 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы 2007 ж., № 36, 408-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.Кәсіпорын қызметінің негізгі мәндері қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік қаржылық бақылау қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру болып белгіленсін.".

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің " Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына өзгерістер енгізу бойынша шаралар қабылдасын және оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге жіберсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК